# БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6В01501 – Математика

| | |
|---|---|
| БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ | Негізгі және кәсіби құзыреттіліктерге ие, бәсекеге қабілетті, рухани және зияткерлік тұрғыдан өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге қабілетті математика пәні мұғалімдерін даярлау. |
| КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЯСЫ | - Білім беру және тәрбиелеу;<br>- Ғылыми қызмет;<br>- Білім саласын мемлекеттік реттеу |

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1–кәсіби қызмет аясында сандық технологияларды қолданады және электрондық көздерден қажетті ақпаратты өз бетінше, тиімді таңдай алу әдістемелерін игереді;
ОН2-басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерін көрсетеді: сыни ойлау, шығармашылық көзқарас және кез келген өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға дайын болу; менеджмент, маркетинг, қаржы және т. б салаларда өз білімдерін қолдана алады;
ОН3-командада жұмыс істей алады, ғылыми қарым-қатынастың тиімді жақтарын талдайды, білім мен тәжірибенің ағымдағы жағдайын сыни бағалайды, нақты кәсіби мақсаттарға арналған жаңа білім және дағдылар алу жоспарын әзірлейді, енгізеді және жетілдіреді;
ОН4-кәсіби қызметтің міндеттерін шешеді, тәжірибеде математикалық есептерді шешу алгоритмдерін табады, талдайды, бағалайды және қолданады, оқушылардың пәндік біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, математика пәніне қызығушылықты қалыптастыру тәсілдерін және математикадан өз білімін күнделікті өмірде қолданады;
ОН5-білім беру процесінің барлық субъектілерінің қызметін талдайды (педагог, білім алушылар және ата-аналар), математиканы оқыту процесін жетілдіру мақсатында әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді;
ОН6- математиканы оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу мақсаттарын тұжырымдайды және оқыту мақсатына сәйкес оқу материалдары мен бағалау құралдарын әзірлейді;
ОН7-кәсіби қызметінде үнемі өзін-өзі жетілдіру қабілетін көрсетеді;
ОН8- өмір бойы өзін-өзі дамыту және карьералық өсу үшін жеке білім алу траекториясын қалыптастырады және дене шынықтыру әдістері мен құралдарын қолдана отырып, салауатты өмір салтын ұстанып, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз етуді көздейді;
ОН9- ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөз сөйлеу, ғылыми және кәсіби қызметінде араласу үшін қазақ (орыс) және сол сияқты шет тілдерде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын қолданады;
ОН10-ұлттық саясаттың мақсаттарын және әртүрлі көзқарастар мен дәстүрлердің өзара қарым-қатынасын мен әлеуметтік басымдықтарды анықтайды және әлемдегі қазіргі жағдайды бағалайды.